



"Банктік емес қаржы мекемелері туралы" Ереже жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының қаулысы 1997 жылғы 23 мамырдағы N 221 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 23 маусымда тіркелді. Тіркеу N 326. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 16 тамыздағы N 271 қаулысымен. ~V990888

Банктік емес қаржы мекемелері қызметінің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. "Банктік емес қаржы мекемелері туралы" Ереже бекітілсін және ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Банктік қадағалау департаменті (Абдуллина Н.К.):

а) "Банктік емес қаржы мекемелері туралы" Ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркесін;

б) осы Қаулыны және "Банктік емес қаржы мекемелері туралы" Ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (Алматы аумақтық бас) басқармаларына және банктік емес қаржы мекемелеріне жіберсін.

3. Осы Қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының
1997 жылғы 23 мамырдағы
N 221 қаулысымен
бекітілген

Банктік емес қаржы мекемелері туралы

ЕРЕЖЕ

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығына Z952444_ сәйкес әзірленген және банктік емес қаржы мекемелерінің құқықтық мәртебесін, оны құру, қызметін жүзеге асыру және тоқтату тәртібін айқындайды.

I. Жалпы ережелер

1. Банктік емес қаржы мекемелері - Банк болып табылмайтын заңды тұлға, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) лицензиясы негізінде жекелеген банк операцияларын жүргізуге құқығы бар.

Банктік емес қаржы мекемелерінің ресми мәртебесі жоқ бірде-бір заңды тұлға "банктік емес қаржы мекемесі" деп атала алмайды немесе өзін банктік операциялардың жекелеген түрлерін орындайтындар ретінде сипаттай алмайды.

2. Банктік емес қаржы мекемелерінің қызметі Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы", "Шаруашылық серіктестіктер туралы" Заң күші бар Жарлықтарымен және Қазақстан Республикасының "Валюталық реттеу туралы", "Бағалы қағаздар рыногы туралы", "Қазақстан Республикасында бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу туралы" Заңдарымен, сондай-ақ басқа заңдармен және нормативтік құқықтық актілермен, қолданылып жүрген банк заңдарына қайшы келмейтін ережелермен реттеледі.

3. Егер банктік емес қаржы мекемелерінің жекелеген түрлерін құру тәртібі мен қызметі Ұлттық Банктің арнаулы нормативтік құқықтық актілерімен реттелсе, онда Ұлттық Банктің арнаулы нормативтік құқықтық актілерінің нормалары қолданылады.

4. Банктік емес қаржы мекемелері немесе мемлекет өздеріне тиісті жауапкершілік алған жағдайда болмаса, банктік емес қаржы мекемелері мемлекеттің міндеттемелеріне жауап бермейтіні сияқты мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

II. Банктік емес қаржы мекемелерінің құқықтық мәртебесі

5. Банктік емес қаржы мекемелері кез-келген ұйымдық-құқықтық нысанда құрыла алады және өз қызметін жүзеге асыра алады.

6. Өкілді және сот билігі органдарынан, сондай-ақ тіркеуші мемлекет заңдарына сәйкес оффшорлық аймақта тіркелген компаниялар мәртебесі бар заңды тұлғалардан басқа Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары, резиденттері мен резидент еместері банктік емес қаржы мекемелерінің құрылтайшылары (қатысушылар) бола алады. <*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
1999.05.21. N 135 V990818_ қаулысымен.

7. Егер Ұлттық банктің нормативтік құқықтық актілерінде өзгеше көзделмесе, банктік емес қаржы мекемелерінің Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де филиалдар, өкілдіктер және еншілес банктік емес қаржы мекемелерін құруға құқығы жоқ.

8. Егер Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде өзгеше белгіленбесе, банктік емес қаржы мекемелерінің әрбір түрі бойынша жарғылық қорының ең аз мөлшері Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес белгіленеді.

Жаңадан құрылған банктік емес қаржы мекемесінің жарғылық қоры тек қана ақша қаражатынан құрылады.

Кредитке, кепілге алған ақша қаражаты мен өзге де тартылған қаражатты банктік емес қаржы мекемелерінің жарғылық қорының төлемі үшін пайдалануға тыйым салынады. Сонымен бірге акциялар төлеуге Банктік емес қаржы мекемелерінің құрылтайшыларының (қатысушыларының) өз капиталы шегіндегі ақша қаражатын салуға болады, ал басқа заңды тұлғалардың өз капиталына қатысқан үлестерін ұстап қалады.

Жаңадан құрылған банктік емес қаржы мекемесінің құрылтайшы құжаттарында (құжатында) жарияланған жарғылық қорының елу проценті оның тіркелген сәтінде және лицензия беру туралы арыз берген сәтте толық, ал ол тіркелген күннен бастап бір күнтізбелік жылдан кешіктірмей төленуге тиіс.

III. Банктік емес қаржы мекемелерін құру және лицензиялау

9. Банктік емес қаржы мекемелері құрылтайшы құжаттар (құжат) негізінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылады және жұмыс істейді.

10. Құрылтайшы құжаттарда (құжатта), сондай-ақ оларға енгізілген өзгертулер мен толықтыруларда Қазақстан Республикасының заңдарында, оның ішінде банк заңдарында көзделген мәліметтер болуға тиіс.

11. Жаңадан құрылған банктік емес қаржы мекемесін мемлекеттік тіркеуді Ұлттық Банктің банктік емес қаржы мекемелерін ашуға берген рұқсаты негізінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асырады.

Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғаны банктік емес қаржы мекемесі етіп қайта тіркеген жағдайда банктік емес қаржы мекемелерін ашуға Ұлттық Банктің рұқсаты талап етілмейді. Ұлттық Банктің жекелеген банк операцияларын жүзеге асыруға берген лицензиясы болса, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі заңды тұлғаны банктік емес қаржы мекемесі етіп қайта тіркейді.

12. Заңды немесе жеке тұлға банктік емес қаржы мекемесін ашуға рұқсат беру туралы Ұлттық Банкке өтініш жасауға құқылы.

13. Банктік емес қаржы мекемесін ашуға рұқсат беру туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса тіркелуге тиіс:

а) құрылатын банктік емес қаржы мекемелерінің құрылтайшы құжаттары (құжаты), банктік емес қаржы мекемелерін құру, құрылтайшы құжаттарын (құжатын) қабылдау және банктік емес қаржы мекемелерінің басқару органдарын тағайындау (сайлау) туралы хаттама;

б) құрылтайшылардың (қатысушылардың) құрылтайшы құжаттары заңды тұлға және олардың соңғы есеп беру күніндегі бухгалтерлік балансы, құрылтайшылардың (қатысушылардың) қаржылық жағдайы туралы аудиторлық фирмалардың (аудитордың) заңды тұлғалардың қорытындысы немесе өз қаражаты бар екенін куәландыратын құжаттар, банктік емес қаржы мекемелерінің жарғылық қорына қатысуға қажетті - жеке тұлғаларға арналған құжаттар;

в) егер құрылтайшы (қатысушы) Қазақстан Республикасының резиденті болмаған жағдайда: тиісті мемлекеттің мемлекеттік немесе қадағалау органының банктік емес қаржы мекемелерінің - Қазақстан Республикасы резидентінің жарғылық қорына қатысуына рұқсат ететіні туралы жазбаша хабарламасы не тиісті мемлекеттің немесе қадағалау органының құрылтайшы (қатысушы) мемлекеттің заңы бойынша мұндай рұқсаттың керегі жоқтығы туралы мәлімдемесі;

г) егер құрылтайшы (қатысушы) мемлекеттік кәсіпорын болған жағдайда - тиісті органның банктік емес қаржы мекемелерінің жарғылық қорына қатысуға рұқсаты;

д) атқарушы органның басшысы және банктік емес қаржы мекемесінің бас бухгалтері туралы мәлімет: аты, азаматтығы, мекен-жайы, сондай-ақ олардың белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын мәліметтері;

е) жаңадан құрылған банктік емес қаржы мекемелерінің жан-жақты ұйымдық құрылымы;

ж) құрылтайшылар (қатысушылар) атынан өтініш беруге өтініш иесінің өкілдігін растайтын нотариат немесе өзге де заңды түрде куәландыратын құжат.

14. Байқаушы кеңестің төрағасы мен оның мүшелері (егер банктік емес қаржы мекемелерінің жарғысында оны құру көзделсе), атқарушы органның басшысы, оның орынбасары, бас бухгалтер, оның орынбасары банктік емес қаржы мекемесінің басшы қызметкерлері деп танылады.

15. Банктік емес қаржы мекемелерінің басшы қызметкерлері осы Ереженің 16-17-тармақтарында белгіленген ең төменгі талаптарға сәйкес келуі тиіс.

16. Мынадай адамдар атқарған қызметіне лайық емес деп танылады немесе атқарушы органның басшысы, Байқаушы кеңестің төрағалығы және мүшелігі (егер банктік емес қаржы мекемелерінің жарғысында оны құру көзделсе) қызметіне тағайындала алмайды:

- жоғары білімі жоқтар;
- сотталған, мерзімін өтемегендер немесе заңда белгіленген тәртіппен сотталғандығы алынбағандар;
- бұрын банкроттыққа ұшыраған заңды тұлғаның не заң талаптарын орындамағаны үшін ашуға берілген рұқсаты қайтарып алынған (банк операцияларын жүргізуге берілген лицензиясы жойылған) банктің немесе банктік емес қаржы мекемесінің басшы қызметкері болған адам.

17. Банктік емес қаржы мекемелері атқарушы органының басшысы, оның орынбасары, бас бухгалтері, оның орынбасары қызметке Ұлттық Банктің келісімімен тағайындалады (сайланады).

Аталған қызметкерлер өз міндетін Ұлттық Банктің келісімін алғанға дейін үш айдан артық атқара алмайды.

18. Банктік емес қаржы мекемелерін ашуға рұқсат беруден мынадай негіздердің кез-келгені бойынша бас тартуға болады:

- а) банктік емес қаржы мекемелерінің құрылтайшы құжаттары (құжаты) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес келмесе;
- б) банктік емес қаржы мекемелерінің жарғылық қорының мөлшері, құрамы және құрылымы қолданылып жүрген заңдардың талаптарына сәйкес келмесе;
- в) банктік емес қаржы мекемелері құрылтайшыларының (қатысушыларының) қаржылық жағдайы тұрақсыз болса;
- г) банктік емес қаржы мекемелерінің басшы қызметіне ұсынылған кандидаттар осы Ереженің 16-тармағында белгіленген ең төмен талаптарға сәйкес келмесе.

19. Ұлттық банк бір айдың ішінде рұқсат беруден бас тарту негіздері туралы өтініш берушіге жазбаша хабарлауға міндетті.

20. Құрылтайшылар (қатысушылар) Ұлттық Банктен банктік емес қаржы мекемелерін ашуға рұқсат алған күннен бастап бір айдан кешіктірмей банктік емес қаржы мекемелерін мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне баруға міндетті.

21. Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүргізуге лицензия (бұдан әрі - "лицензия") алу үшін өтініш беруші:

а) егер Ұлттық Банктің арнаулы нормативтік құқықтық актілерінде өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне қойылатын нормативтік талаптарға сәйкес келетін барлық ұйымдық-техникалық шараларды орындауға, оның ішінде үй-жай мен жабдықты дайындауға, сондай-ақ тиісті керекті мамандықтағы қызметкерлерді жалдауға;

б) жарияланған жарғылық қорды төлеуге;

в) операциялар жүргізудің жалпы шарттарын, банктік емес қаржы мекемелерінің ішкі ережелерін ұсынуға;

г) егер банктік емес қаржы мекемелерін ашуға Ұлттық Банктің рұқсаты талап етілмеген жағдайда, осы Ереженің 13-тармағында көрсетілген құжаттарды беруге және 15-17-тармақтарында көзделген талаптарды орындауға тиіс.

22. Лицензия беру туралы өтінішті Ұлттық Банк барлық қажетті құжаттар берілген күннен бастап бір айдың ішінде қарауға тиіс.

23. Ұлттық Банк лицензия беру туралы өтінішпен бірге Ұлттық Банктің тиісті облыстық басқармаларының банктік емес қаржы мекемелері құрылтайшыларының ұйымдық-техникалық шараларды орындауына жасаған қорытындысын қарайды.

24. Осы Ереженің 21-тармағында белгіленген талаптардың кез-келгені орындалмаған жағдайда жаңадан құрылып жатқан банктік емес қаржы мекемелеріне лицензия беруден бас тартуға болады.

Жұмыс істеп жатқан заңды тұлғаларға лицензия беруден осы Ереженің 18-тармағында көзделген негіздер бойынша және 21-тармағында белгіленген талаптарды орындамаған жағдайда бас тартуға болады.

VI. Реттеу және бақылау. Банктік емес қаржы мекемелерінің қызметін тоқтату тәртібі

25. Банктік емес қаржы мекемелері Ұлттық Банктің лицензиясы болса банктік операциялардың мынадай түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

а) ақша аудару операциялары: ақша қаражатын аудару бойынша заңды және жеке тұлғалардың тапсырымдарын орындау;

б) сейфтік операциялар: жалға берілетін сейф жәшіктерін, шкафтар мен үйлерді қоса алғанда, клиенттердің бағалы қағаздарын, құжаттары мен

құндылықтарын сақтау жөніндегі қызметі;

в) несие беру операциялары: ақшалай түрде кредиттер беру;

г) клирингтік операциялар: төлемдерді жинау, салыстыру, сұрыптау және растау, сондай-ақ оларға өзара есеп жүргізу және клирингке қатысушылардың таза көзқарасын анықтау;

д) ломбардтық операциялар: депонирленген тез өтетін бағалы қағаздар мен жылжымалы мүлікті кепілге сала отырып, қысқа мерзімді кредиттер беру;

е) банкноттарды, металл ақшаны және құндылықтарды инкассациялау және жіберу;

ж) шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізу.

Банктік емес қаржы мекемелері Ұлттық Банктің лицензиясы болса мынадай операцияларды жүзеге асыруға құқылы:

а) шарттың (лизингтің) қолданылуының бүкіл мерзіміне жалға берушінің жалға берілген мүлікке меншіктік құқын сақтай отырып, мүлікті жалға беру;

б) факторингтік операциялар: төлем жасамауға тәуекел ету жолымен тауарлар (жұмыс, қызмет) сатып алушыдан төлемді талап ету құқықтарын сатып алу.

Егер Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде өзгеше көзделмеген болса, банктік емес қаржы мекемелері жоғарыда айтылған операциялардың бәрін орындай алады.

Ұлттық Банк Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі болған жекелеген жағдайларда банктік емес қаржы ұйымына Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығында Z952444_ көзделген басқа да банк операцияларын жүргізуге лицензия беруге құқылы. <*>

ЕСКЕРТУ. 25-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.05.21. N 135 V990818_ қаулысымен.

26. Банктік емес қаржы мекемелері екінші деңгейдегі банктерде немесе Ұлттық Банктің келісімі болса - Ұлттық Банкте корреспонденттік шоттар ашуға құқылы.

27. Банктік емес қаржы мекемелерінің қызметін тексеруді Ұлттық Банк өзі не болмаса басқа ұйымдарды тарту арқылы жүргізеді.

28. Өзінің қызметтік міндеттерін орындауына орай банктік немесе коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтермен (ақпараттармен) танысуына мүмкіндігі бар адамдардың жоғарыда аталған мәліметтерді (ақпараттарды) жария етуіне немесе үшінші адамға беруіне тыйым салынады. Аталған мәліметтерді (ақпараттарды) жария еткені немесе үшінші адамға бергені үшін кінәлі адам қолданылып жүрген заңдарда көзделген тәртіппен жауап береді.

29. Банктік емес қаржы мекемесі қолданылып жүрген заңды бұзған жағдайда Ұлттық Банк тоқтату режимі мен акцияларды мәжбүрлеп сатып алу мүмкіндігінен басқа кезде банктер үшін белгіленген санкцияны қолдануға құқылы.

30. Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүргізуге берілген лицензияларды тоқтату немесе күшін жою мынадай негіздемелердің кез-келгені бойынша жүргізіледі:

а) операциялар қолданылып жүрген заң нормалары үнемі (келесі күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп) бұзылып жүзеге асырылса;

б) Ұлттық Банкке есеп пен мәліметтер бермесе немесе есеп пен мәліметтерді біле тұра дұрыс бермесе;

в) Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерін бұзса немесе Ұлттық Банктің жазбаша нұсқауларын орындамаса.

31. Банктік емес қаржы мекемелерін ашуға берілген рұқсатты қайтып алу мынадай негіздемелердің кез-келгені бойынша жүргізіледі:

а) банктік емес қаржы мекемелері тіркелген күннен бастап бір жыл ішінде берілген мәліметтердің дұрыс еместігі мәлім болса;

б) банк операцияларын жүргізу банктік емес қаржы мекемелері тіркелген күннен бастап бір жылдан астам уақытқа немесе рұқсат берілген күннен бастап он үш айға кешіктірілсе;

в) жарғылық қор қолданылып жүрген банк заңдарының талаптарына сәйкес төленбесе;

г) банктік емес қаржы мекемелері қолданылып жүрген заңдарда, банктік емес қаржы мекемелерінің жарғысында және лицензияда белгіленген құқықтық ауқымынан тыс операцияларды жүзеге асырса;

д) банктік емес қаржы мекемелерін қайта құру немесе тарату жолымен өз қызметін ерікті түрде тоқтату жөніндегі шешім;

е) банктік емес қаржы мекемелері банкротқа ұшыраса;

ж) банктік емес қаржы мекемелеріне банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүргізуге берілген лицензия жойылса.

32. Егер банктік емес қаржы мекемелерін ашуға Ұлттық Банк рұқсат берген жағдайда, оны қайтарып алу жөніндегі шешім берілген лицензияның жойылғанын білдіреді және банктік емес қаржы мекемелерін тарату туралы шешім болып табылады.

33. Лицензия негізінде тіркелген банктік емес қаржы мекемелері лицензияларының күші жойылса банктік емес қаржы мекемелерінің мәртебесі өзгеруге және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік қайта тіркелуге тиіс.

34. Банктік емес қаржы мекемелерін қайта құру және тарату Қазақстан

Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы"

Z952444_

Заң күші бар Жарлығының 7 және 9 тарауларында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

35. Банктік емес қаржы мекемелері беретін бухгалтерлік және өзге де есептердің тізбесі, нысаны мен мерзімі, сондай-ақ оларды бұзғаны үшін жауапкершілік, егер Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде өзгеше көзделмеген болса, Қазақстан Республикасының банктері үшін көзделген нормалармен белгіленеді.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы